

**Қызылорда облысы елді мекендерінің аумақтарын көріктендіру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау Қағидасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі N 118 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 тамызда N 4496 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 13 ақпандағы N 255 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Қызылорда облыстық мәслихатының 13.02.2015 № 255 шешімімен (шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялауға жатады).**

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Қызылорда облысы елді мекендерінің аумақтарын көріктендіру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау Қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облыстық мәслихатының*

*18 сессиясының төрағасы*

*А. Шоманов*

*Қызылорда облыстық*

*мәслихатының хатшысы*

*Б. Еламанов*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасының*

*Өңірлік даму министрінің*

*міндетін атқарушы*

*\_\_\_\_\_ Қ. Өскенбаев*

*2013 жылғы "10" шілде*

Қызылорда облыстық мәслихатының  
2013 жылғы 10 шілдедегі  
N 118 шешімімен бекітілген

# **Қызылорда облысы елді мекендерінің аумақтарын көріктендіру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау Қағидасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қызылорда облысы елді мекендерінің аумақтарын көріктендіру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау Қағидасы ( бұдан әрі - Қағида) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы кодексіне, "Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Қағида елді мекендер аумақтарын көріктендіру, санитарлық тазарту, тазалығын сақтау, инфрақұрылым объектілерін күтіп ұстау және қорғау саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қатынастарын реттейді, қалдықтарды жинау, әкету, қайта өңдеу және көму тәртібін анықтайды, сондай-ақ, меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғаларға облыстың елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау тәртібін белгілейді.

3. Елді мекендердің аумағын көріктендіру, санитарлық күтіп ұстау, тазартуды ұйымдастыру және тазалықты қамтамасыз ету, жасыл желектерді күтіп ұстау, қорғау және шауып тастау жөніндегі жұмыстардың үйлестірілуін және ұйымдастырылуын қарамағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мәселелері бар қала және аудандар әкімдіктерінің құрылымдық бөлімшелері, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, үйлер, құрылыстар, ғимараттар, жер учаскелерінің меншік иелері жүзеге асырады.

## **2. Осы Қағидада қолданылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар**

4. Ғимарат – табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға) , сондай-ақ, жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге,

жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Ғимарат көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін.

5. Елді мекеннің аумағы – қалалық немесе селолық елді мекеннің белгіленген шекара (ішкі аумағы) шегіндегі кеңістік.

6. *Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2014 N 177 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

7. Жол – мемлекеттік есепке алуға жататын және көлік құралдарының жүруіне арналған инженерлік құрылыс кешені болып табылатын жалпы пайдаланудағы автомобиль жолы, шаруашылық автомобиль жолы, елді мекен көшесі. Жол бір немесе бірнеше жүріс бөлігін, сондай-ақ, трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және бөлу жолақтары болған жағдайда – соларды қамтиды.

8. *Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2014 N 177 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

9. *Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2014 N 177 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

10. Қалдықтарды жинау – қалдықтарды одан әрі кәдеге жарату немесе жою мақсатында оларды сұрыптауды қамтитын қалдықтарды арнайы бөлінген орындарға немесе объектілерге шығаруға, жинау және орналастыруға байланысты қызмет.

11. Қалдықтарды залалсыздандыру - механикалық, физикалық-химиялық немесе биологиялық өңдеу арқылы қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою.

12. Қалдықтарды көму - қалдықтарды қауіпсіз сақтау үшін арнайы белгіленген орындарда шектеусіз мерзім ішінде жинап қою.

13. Қалдықтарды тасымалдау – қалдықтарды олардың пайда болған немесе сақталған жерінен өңдеу, кәдеге жарату немесе жою орындарына немесе объектілеріне тасымалдау.

14. Мамандандырылған кәсіпорындар – қалдықтарды жинауды, пайдалануды, қолдануды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды және көмуді жүзеге асыратын ұйымдар.

15. Санитарлық тазарту – мақсаты елді мекенде халықтың тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын қалдықтарды жинау, жою және залалсыздандыру болып табылатын іс-шаралар жүйесі.

16. Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2014 N 177 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Тротуар – жолдың жүргін бөлігімен қатарлас немесе одан газонмен бөлінген жаяу жүргіншінің қозғалуына арналған элементі.

18. Үй – адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік процестерді орындауға, сондай-ақ, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын функционалдық мақсатына қарай, міндетті түрде жер бетіне салынып, тұйық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылғы. Үйдің жер асты бөлігі болуы мүмкін.

### **3. Елді мекендердің объектілерін, аумақтарын тазалау және күтіп ұстау**

19. Елді мекендердің аумағын санитариялық тазалау жүйесі тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды ұтымды жинауды, жоюды, залалсыздандыруды және кәдеге жаратуды көздейді және оларды мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

20. Тұрмыстық және басқа да қалдықтарды шығару күнделікті таңертеңгі сағат 7-ден ерте емес және кешкі сағат 23-тен кеш емес уақытта жүргізіледі.

21. Қоғамдық пайдалану орындарында урналар орнатылады. Урналар арасындағы қашықтық адамдар көп жүретін көшелерде кемінде 40 метр және адамдар аз жүретін көшелерде кемінде 100 метр көзделеді. Қоғамдық көліктің аялдама орындарда урналарды орнату міндетті. Урналарды тазарту олардың толуына байланысты жүргізіледі.

22. Жол жабындары жолдың жүретін бөліктеріне жиналатын ластанулар жасыл желектер жолдарына немесе тротуарларға сарқынды сулардың ағынымен шықпайтын етіп жуылады.

23. Қозғалысы жоғары қарқынды көшелерге жылдың ыстық уақытында су себіледі.

24. Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2014 N 177 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Жапырақтар түсетін кезеңде түскен жапырақтар уақтылы жиналады. Жиналған жапырақтар арнайы бөлінген учаскелерге немесе компостеу алаңына шығарылады. Тұрғын үй құрылыстарының аумағында, гүлзарлар мен саябақтарда жапырақтарды өртеуге жол берілмейді.

26. Тұрғын үй аудандарының, шағын аудандардың аумақтарында, сондай-ақ үй жанындағы аумақтарда бөлінген жер учаскелерінің шекараларында мынадай

тәртіп сақталады:

1) аумақ таза ұсталуы тиіс, тротуарлар, жаяу жүргіншілер жолдарының, кварталшылық өткелдердің және жолдардың жабындары тегіс болуы тиіс;

2) аулаларға өз еркімен әртүрлі шаруашылық немесе қосымша құрылыстар салуға тыйым салынады;

3) үй жанындағы аумақты құрылыс материалдарымен қоқыстауға тыйым салынады;

4) инженерлік коммуникациялар мен құдықтарды тексеру және тазалау уақтылы жүргізіледі.

27. Суаратын-жуатын және сыпырып-жинау машиналарын толтыру техникалық сумен жүзеге асырылады.

28. Жасыл желектер алаңына, тротуарларға, газондарға мұз сынықтарын, қарды лақтыруға, орналастыруға және жинақтауға тыйым салынады.

29. Тұрғын үй объектісінің, ұйымның, мекеменің аумағына санитариялық ажыраулары ұйымдастырылмаған қоқыс жинау алаңдарын және септиктерді, қазылған шұқырларды, аулалық қондырғыларды салуға және қайта жабдықтауға тыйым салынады.

30. Жағажай аумағына урналар орнатылады және бір-бірінен 200 метрден аспайтын қашықтықта ауыз су келіп тұратын бұрқақтар орнатуға жол беріледі.

31. Күнделікті жағажай жабылғаннан кейін жағаны, шешінетін орындарды, жасыл аймақтарды жинау, дәретханаларды тазалау және дезинфекциялау жүргізіледі. Күні бойы ағымдық жинау жүргізіледі.

32. Шешінетін орындар, шешінуге арналған павильондар, киім ілетін ашық және жабық орындар күнделікті дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жиналады және жуылады.

33. Құмды жағажайларда аптасына бір реттен сирек жиналған қалдықтарды шығара отырып, құмның беткі қабатын механикаландырылған қопсыту жүргізіледі. Қопсытқаннан кейін құм тегістеледі.

34. Адамдар шомылуға арналған орындарда кір жууға және жануарларды шомылдыруға жол берілмейді.

35. Қоқыс жинайтын қондырғыларды орнатуға бөлінген учаскелері бар саябақтардың шаруашылық аймағы демалушылар жаппай жиналатын орындарынан (би, эстрада алаңдары, бұрқақтар, бас аллеялар, көпшілік павильондары) 50 метрден жақын емес орналасады.

36. Саябақтарда урналар 800 шаршы метр алаңға кемінде бір урна есебінен орнатылады. Бас аллеялардағы урналар арасындағы қашықтық 40 метр болып көзделеді. Урналар ларектар, дүңгіршектердің және жылжымалы үстелдердің жанына орнатылады.

37. Ауладағы дәретхана мен су өтпейтін сыйымдылықты объектінің

шаруашылық аймағына орналастырады.

38. Демалушылар жаппай жиналатын орындардан алыс орындарда қалдықтарды жинаудың ыңғайлылығы үшін қалдықтар мен сыпырындыларды уақытша сақтау үшін арақашықтық жинақтағыштар орнатылады.

39. Негізгі жинау саябақ жабылғаннан кейін таңертеңгі сағат 8-ге дейін жүргізіледі. Күндіз ағымдық жинау, жасыл желектерді суару, қалдықтар мен түскен жапырақтарды жинау жүргізіледі.

40. Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтардан жоспарлы-тұрақты тазарту аптасына бір реттен сирек жүргізіледі.

41. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 121 "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесіне сәйкес орналастырылады.

42. Сыртқы жарық элементтерін, жарық жарнама және маңдайшаларды күтіп-ұстау және пайдалану "Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы N 1354 қаулысына сәйкес қамтамасыз етіледі.

#### **4. Жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау**

43. Жер, жер қойнауы, жер үсті және жер асты сулары;  
атмосфералық ауа;  
ормандар мен өзге де өсімдіктер;  
жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры;  
табиғи экологиялық жүйелер, климат және жердің озон қабаты жойылудан, тозудан, зақымданудан, ластанудан және өзге де зиянды әсерден қорғалуға тиіс.

44. Қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірілген залалды ерікті түрде жоюға не өзгеше тәсілмен оның орнын толтыруға құқылы. Тұлғаның залалды жою не оның орнын толтыру туралы міндеттемесі кепілхатта жазылуға тиіс.

45. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаны әкімшілік жауапкершіліктен босатпайды.

46. Жерді қорғау мақсатында жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар:

1) жерді су және жел эрозиясынан, селдерден, су басудан, батпақтанудан, қайта тұзданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан, радиоактивті және химиялық заттармен ластанудан, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қоқыстанудан, ластанудан, оның ішінде биогендік ластанудан, сондай-ақ басқа да теріс

әсерлерден сақтау;

2) ауыл шаруашылығы алқаптарын және басқа да жерді бактериялық-паразиттік және карантиндік зиянкестермен және өсімдіктер ауруларымен зақымданудан, арамшөптер, бұталар және шіліктер басып кетуден, жердің жай-күйінің өзге де нашарлану түрлерінен қорғау;

3) ластанудың, оның ішінде биогендік ластанудың және жердің қоқыстануының салдарларын жою;

4) мелиорацияның қол жеткізілген деңгейін сақтау;

5) бүлінген жердің құнарлылығын қалпына келтіру, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, жерді айналымға уақтылы енгізу;

6) топырақтың құнарлы қабатын кейіннен жердің құнарлылығын қалпына келтіруді жүргізу кезінде пайдалану үшін алу мен сақтау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге міндетті.

47. Сауда базарларының аумақтарын күтіп ұстау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы N 131 "Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

## **5. Қалдықтарды жинау, шығару, қайта өңдеу, кәдеге жарату, зиянсыз ету, тасымалдау, сақтау және жою**

48. Қызметі нәтижесінде өндіріс және тұтыну қалдықтары құралатын жеке және заңды тұлғалар олардың меншік иелері болып табылады және, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе қалдықтармен жұмыс істеу талаптарын айқындайтын шарттар өзгеше көзделмесе, қалдықтар құралған кезден бастап олармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін жауапты болады.

49. Елді мекендер аумағында тұтыну қалдықтарын жинауды, пайдалануды, қолдануды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды және көмуді мамандандырылған кәсіпорындар жүзеге асырады.

50. Орталықтандырылған сумен жабдықтау, кәріз жүйелеріне қосылған тұрғын объектілері, ұйымдар мен кәсіпорындар аумағында қоқыс жинауға арналған аулалық қондырғылар, қазылған қоқыс төгетін орлар мен алаңдар салуға немесе қайтадан жабдықтауға жол берілмейді.

51. Кәрізденбеген аулалық және қоғамдық дәретханалар тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, балалар ойнайтын алаңнан және дем алатын орындардан кем дегенде 25 метр қашықтыққа, құдықтан, бұлақ көзінен кем дегенде 50 метр қашықтыққа алшақтатады.

52. Көп қабатты тұрғын үй құрылысы аудандарында алаңның шетінен 1,5 метр радиустағы контейнер алаңына іргелес аумақта қажеттілігіне қарай қатты

тұрмыстық қалдықтардан жоспарлы-тұрақты тазарту жүргізеді.

53. Көлік құралдарын жууға арналған алаңды шаруашылық аймағынан тыс жерде орналастырады. Алаңда салқын су келтірілген жуу бөлімшесі қарастырылады. Таза және лас контейнерлердің және полигонға келетін қоқыс тасығыштардың көлік ағындары қиылыспауы тиіс.

## **6. Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік**

54. Осы Қағиданы бұзған кінәлі заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес жауап береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ